

ӘОЖ 327(54)

Г.С. Байкүшікова, А.Б. Мекембаева*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: nura_kz@inbox.ru

Үндістан және Оңтүстік Азиядағы аймақтық қауіпсіздік мәселесі

Бұл мақалада Оңтүстік Азия аймағындағы және Үндістанның қауіпсіздік мәселелері қарастырылады. Оңтүстік-Азия субаймағындағы мемлекеттер арасындағы Үндістанның географиялық, демографиялық және экономикалық көрсеткіштері бойынша қошбасшылық жағдайы оның белсенді аймақтық саясатымен айқындалады. Оңтүстік Азиядағы саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесіндегі Үндістанның ұстанымы кешенді аймақтық қауіпсіздік үшін маңызды болып табылады.

Бір жағынан, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Оңтүстік Азияның геосаяси және экономикалық маңызының артуы, екінші жағынан, Оңтүстік Азиядағы аймақтық мүдделер мен Үндістанның ұлттық мүдделерінің тығыз ара-қатынасы осы мақаланың өзектілігін айқындайды. Ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Үндістанның саясаты аталмыш мақаланың пәні болып табылады.

Түйін сөздер: Үндістан, Оңтүстік Азия, ұлттық мүдделер, АСЕАН-ның аймақтағы рөлі.

Г.С. Байкушикова, А.Б. Мекембаева

Индия и проблемы региональной безопасности в Южной Азии

В данной статье рассматриваются проблемы безопасности в регионе Южной Азии и Индии. Положение Индии как естественного лидера среди государств южно-азиатского субконтинента по ряду географических, демографических и экономических показателей закрепляется ее активной региональной политикой. Позиция Индии в вопросах обеспечения политической стабильности в Южной Азии имеет принципиальное значение для всего комплекса региональной безопасности.

Возрастание геополитического и экономического значения Южной Азии в системе современных международных отношений, с одной стороны, и тесная взаимосвязь между интересами региональной безопасности Южной Азии и национальными интересами Индии, с другой, определяют актуальность данной статьи, предметом которой является политика Индии в сфере обеспечения национальной и региональной безопасности.

Ключевые слова: Индия, Южная Азия, национальные интересы, роль АСЕАН в регионе.

G. Baikushikova, A. Mekembayeva

India and problems of regional security in the Southern Asia

There are in this article safety problems in the region of the Southern Asia and India are considered. Position of India as natural leader among the states of the southern Asian subcontinent on a number of geographical, demographic and economic indicators, is fixed by its active regional policy. The position of India in questions of ensuring political stability in the Southern Asia has basic value for all complex of regional security.

Increase of geopolitical and economic value of the Southern Asia in system of the modern international relations, on the one hand, and close interrelation between interests of regional security of the Southern Asia and national interests of India, with another, define relevance of this article which subject is the policy of India in the sphere of ensuring national and regional security.

Key words: India, South Asia, national interests, role of ASEAN in region.

Оңтүстік Азия бұл өзіне Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, Непал, Бутан мен Мальдив аралдарын біріктіретін аймақ. Геостратегиялық орналасуы бойынша Үндістан орталығы, сонымен

бірге геосаяси тұрғыдан аймақтағы мемлекеттер аралық қатынастар жүйесін бақылауда, маңызды рөл атқарады. Бұл аймақтағы елдер Оңтүстік Азия елдері ассоциациясы (АСЕАН) сынды

алып бірлестікке мүше. Оңтүстік Азия елдерінде мәдени-өркениеттік құндылықтар қатары қалыптасқан. Сонымен қатар психологиялық факторларды да естен шығармағанымыз абзал. Себебі бұл елдер Ұлыбритания сынды алып державалар құрсауында болғандықтан, бұл кезең аймақ тарихында құқықтық теңсіздік пен әлемдік еңбек бөлінуіне әкелді. Қазіргі таңда Оңтүстік Азия аймағы орталықтанған сыртқы күштерге бірлесе қарсы тұратын ірі бірлестік ретінде танымал.

Үндістанмен көптеген көршілес мемлекеттер гегемониялық саясатты ұстанушылықта айыптайды. Бірақ, Үндістан бірнеше рет өз мүдделеріне қысым жасай отырып, көршілеріне жеңіс бергендіктен, саясат та шынайы сипатқа ие бола алмады. Үнді саясаттанушыларының айтуынша: Үндістан аймақтағы елдермен қатынасында өте мұқият болғаны абзал, себебі жеке егемендігіне нұқсан келуі мүмкін деп есептейді. Ал Үндістанның саяси көшбасшылары тарапынан да мынадай пікірлер туындайды, яғни субконтиненттік шынайы жақындыққа байланысты, оңтүстіказиаттық үндістердің шығу тегі бір деп қабылдаушылар бар. Сондықтан да бұл Үндістанның негізгі мүдделерінің бірі болып саналады.

Аймақтағы көршілес мемлекеттер жағдайы Үндістанмен арадағы қарым-қатынастарына да тікелей әсер етеді. Тәжірибеден көрінгендей, Непалмен отыз жыл ішінде ішкі саяси үзілістер болмады, сонымен қатар Бутанмен де, тұрақты қатынастарға ие бола алды. Үнді-Бангладеш қатынастарындағы ең ауытқыған кезең, Бангладеш үкіметінің ауысуы мен бірнеше рет болған әскери қақтығыстар, Оңтүстік Азиядағы халықаралық жүйе байланысымен оның сыртқы саяси курсының тұрақсыздығына әкеліп соқтырды.

Үндістанның сенімі бойынша, мұндағы диктаторлық режим қатал және тұрақты емес, ал басты мәселе – шағын әлеуметтік билеуші топтар базасы. Соңғы кездегі жағдайларға қоз жүгіртер болсақ, көрші мемлекеттер ара қатынастарындағы пайдакүнемдік мақсаттағы байланыстардың белең алуы және халықты ішкі мәселелерден назарын аудартып, үкіметтік билік күшін нығайту еді. Үндістанның назарына іліккен тағы бір жағдай, пәкістандық биліктің орнын азаматтық билеуші топ өкілдері басқанда,

үнді-пәкістан арасындағы шиеленісті жағдайлар қозға ілінбеді және бұл мәселе билікте қараусыз қалып отырады деген пікірге елін отыр [1].

Үнді үкіметі көп уақыттан бері Оңтүстік Азия елдеріне өзіндік қызығушылығын білдіріп келеді. Себебі Оңтүстік Азия елдерінде болып жатқан ішкі саяси жағдайды қалпына келтіруге, аймақтағы жағдайды тұрақтандыруға, ынталы реакциялық режимдегі эволюциялық демократизацияға қол жеткізуге, сонымен қатар буржуазиялық демократиялық қозғалыстарды қолдауға мүдделі екендігін көрсетеді.

Үндістан, әдетте Оңтүстік Азияда болып жатқан демократиялық қозғалыстарды қолдаушы мемлекет. Соның дәлелі ретінде Пәкістандағы болған «Демократияны қайта жаңғырту қозғалысын» дәстүрлі түрде қолдады. Үндістандағы әртүрлі күштер реформистік сипаттағы саяси партиялармен өте тығыз байланыс орнатқан. Мысал ретінде Бангладештегі «Ава Лигасы», Шри-Ланкадағы «Бостандық партиясымен», Непалдағы «Непал конгресімен», т.б. Бұл байланыстар негізгі сылтау ретінде, ал шындығында, анти үнділік мақсаттағы азғындатушы компанияларға қарсы әрекет етеді және оппозициялық сипаттағы реформистік партиялардың билік басына келгенінде, ол компаниялармен сенімді байланыс орнатуға жәрдемдеседі.

Үндістан мен осы аймақтағы елдерде түрлі саяси жүйелердің болуы екі жақты қарым-қатынастың дамуын қиындатты. Алайда 80-90 жылдар аралығында Оңтүстік Азия елдерінде авторитарлық тәртіп жойылды және 1998 жылы Пәкістандағы жалпы сайлау нәтижесінде билік басына азаматтық үкіметтің келуі; Непалда 1990 жылы көп партиялық жүйе орнауы; Бангладеште 1991 жылы әскери тәртіпті жойған соң, жалпы сайлаудың өтуі осының айғағы. Аймақтағы елдерде буржуазиялық-демократиялық реформаны жүзеге асыру Оңтүстік Азиядағы жағдайды бірқалыпты етуге септігін тигізеді. Халықтың саяси мәдениеті, мәдени ерекшеліктері, әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесі сол жерде контрреформа және контррөңкеріс жасауға мүмкіндік береді. (Осылай Пәкістанда 90-жылдары үкімет 3 рет биліктен аластатылды) [2].

Үндістан Ұлттық конгресінің үкіметі Оңтүстік Азиядағы кіші мемлекеттерге қатысты қатаң позицияны ұстанғанын айтып кеткен

жөн. Соған қарағанда бұл, әсіресе конгрестің «Үндістанның ашылуында» қалыптасқан Джавахарлал Нерудің кіші елдерге деген дәстүрлі амалы дей келе, мына пікірді жариялайды: «Шағын ұлттық мемлекетке жойылу жазылған. Ол тәуелсіз саяси құрылым емес, жай ғана мәдени-автономиялық территория ретінде өмір сүруі мүмкін».

1998 жылы билік басына келген бірнеше партиядан құралған оппозиционерлік үкімет ұлттық фронтының ҮҰК, Оңтүстік Азия елдерімен қарым-қатынасын жақсарту үшін біршама күш салу керектігін жариялады. 1990 жылдың жазына қарай В.П.Сингхтың министрлер кабинеті (Пәкістаннан өзге) көрші елдердің барлығымен қарым-қатынас орнатты. Алайда шынайы бөліп жатқан факторлар қарым-қатынастарды одан әрі жақсарту мүмкіндіктерін бірден шектеді.

Оңтүстік Азия аймағындағы елдер 1990 жылы қараша айында, Чандра Шекхар үкіметі билік басына келгенде, ҮҰК, министрлер кабинетін, аймақтық саясаттағы қатаң қағидаларға мәжбүрлеп еріксіз көндірді және Жаңа үкіметтің билік басындағы қысқа кезеңінде, күрделі ішкі саяси қиындықтар мен Парсы шығанағындағы жаһандық дағдарысқа тап келіп, Оңтүстік Азияның басқа да елдерімен қарым-қатынасын дамытуға көңіл бөлмеді. ҮҰК көшбасшысы Памуапарти Веннета Нарасимхи Рао үкіметі 1991-1996 жылдары билік басында болып, Оңтүстік-азиаттық бағыттағы байланыстарды дамытуға көңіл бөлмеген болатын. Сонымен, үкімет пен центризмдік партиялар, Біріккен коалициялық фронт пен 1996 жылы билікке келген үкімет көрші мемлекеттермен қарапайым сипаттағы қатынастар орнатуға қол жеткізді және де Оңтүстік Азиялық жағдайды жақсартуға да өзіндік септігін тигізе білді. Ең айрықша байқалған жағдай, үнді-бангладеш пен үнді-ланкийлік байланыстарының біршама жақсарғандығы еді. 1998 жылы көктем айында Бхаратия Джаната басқаруындағы партияның билік басына келуі, Оңтүстік Азияда үлкен бір қызығушылық тудырды, себебі бұл партия көрші елдермен өте күрделі де қатаң сипаттағы ұстанымда болды. Бірақ 1998-1999 жылдары халықаралық қатынастар жүйесіндегі Оңтүстік Азия мүдделер тұрғысынан аса бір өзгерістерге ұшырамады [3].

Оңтүстік Азия елдерінің Үндістан мен Пәкістан қатынастарындағы мәселелері бойын-

ша ұстанымдары Халықаралық қатынастар жүйесінде Оңтүстік Азия Үнді-Пәкістан қатынастарына байланысты негізгі рол атқарады және екі елдің саяси, экономикалық, әскери салмағын көрсетуде, бұл – тоқтаусыз келе жатқан қарсылықтың салдары. Пәкістан мұсылман мемлекеті болғандықтан, қосымша экономикалық және әскери мүмкіндіктер мен ұстанымдары бойынша Үндістанға қарсы көзқараста.

Үндістан мен Пәкістанның аймақтық мемлекеттер аралық қатынастарының дамуында, әртүрлі 2 диаметрлі әрекеттерін байланыстыру қиынға соғуда, яғни Пәкістан өзінің Үндістан мен арадағы мәселеде, өзінің мүдделі екендіктерін алға тартып, бұл жағдайда басқа да сыртқы күштермен әскери-саяси салада ынтымақтастық орнатуда, ал Дели өз кезегінде аймақтық қауіпсіздік жүйесіне байланысты сыртқы күштердің кірігуін қажет деп таппады.

Бұл екі елдің де өткір даулы мәселесі Кашмирдің кімге тиесілі екендігінде. Бірақ Дж.Неру Кашмир сырқат емес, ол симптомдық мәселе және бұл мәселе «Пәкістанның Үндістанды жек көрушілігінен» туындап отыр деген. Тәуелсіз зерттеушілерде, ол мемлекет аралық деңгейдегі жек көрушіліктің күшеюін көрсетеді деп, бұл пікірмен келісуде.

Әсіресе екі жақты қатынастардағы мәдени өркениеттік факторлар да кері әсерін тигізеді. Бірақ екі елдің ұқсастығы мәдени өркениеттер ара белгілі бір деңгейде жақын қатынастардың болуы, олар: Индуизм мен Ислам діндерінің тоғысуы. Жаһандық үрдістердің бастамасы ретінде, Үндістан мен Пәкістандағы ревайализмнің қарама қайшылығы тек мәселені ұшықтыруда [7].

Діннің Пәкістанда рөлі айрықша, ал Үндістан Оңтүстік Азияда ұлттық индивидтік шарттарын сақтап қалғысы келеді (ол мәдени шеңберде де). Пәкістандық ғалым Вахиз-уз-Заман: «Егер арабтар, түркілер, ирандықтар ислам дінінен бас тартқан жағдайда да, арабтар араб болып, түріктер түрік болып, ирандықтар иран болып қалады. Бірақ біз исламнан бас тартсақ, кім боламыз?» – деді. Екі ұлттың негізгі теориялары, яғни М.А. Джинн мен М. Гандидың бірыңғай ұлттық концепциясы қарама-қайшы пікірді тудырады. Үнді қоғамын басқа да шығыс қоғамынан бөліп тұрған – «Дамудың ұжымдық векторы. Бұл жоспарда Үндістан әрқашан да

еуропалық классикалық қоғамға біртабан жақын болып, өзіне индивидуализмді» ту етті.

Үндістанның қазіргі кезеңде қауымдастық тенденциялары мен ұлттық басымдылық ерекшеліктерінде Оңтүстік Азия аймақтық қауіпсіздік мүдделері өзара тәуелді. Ал Кашмир мәселесінде Үндістанның территориялық тұтастығына қауіп тудыратын аймақ шеңберіндегі этносаяси қақтығыстарды реттеуде үнді үкіметінің қатаң ұстанымдары байқалады. Үндістанның Шри-Ланка, Мальдивия, Бангладештегі сеператистік қозғалыстарға деген көзқарастары қарама-қайшы, яғни Үндістанды ұлттық мүдделерімен қатар жаһандық қауіпсіздік пен аймақтық басымдықтары да алаңдатады. Ал бұл сеператистік қозғалыстар Үндістанның тұрақтылық сипатындағы көзқарастарына кереғар екені баршаға аян.

Территориялық шекаралық, діни-этникалық, иммиграциялық мәселе, су байлықтарын бөлісу, милитаризация және ядролық бағдарламаларды жүзеге асыру Үндістанның көрші елдермен екі жақты қарым-қатынастарының күрделенуіне әкеліп соқтыруда. Алайда Үндістанның көршілес елдеріндегі экономикалық мәселелердің өсуі аймақтық серіктестік құруға мұрындық болады, сонымен қатар Үндістанның байланыстарын ұлғайтады. Үндістан алдындағы қорқыныш пен экономикалық тұрғыда пайдаға ие болу ниеттері бір-біріне қайшы келетіндіктен, Үндістанның көршілес елдері үнемі аяласын асыруға мәжбүр болады. Үндістан экономика саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгендігін атап өту керек. 1997 жылы Үндістанның Жалпы ішкі өнімі көрсеткіші Ресейден екі есе көп болды. «Рэнд корпарэйшн» мамандары 2015 жылы Үндістанның ЖІӨ 4 трлн. долларға жетеді деп болжам жасауда және ол Жапониямен теңеседі. Батыстың бірқатар өзге мамандары 2025 жылы Үндістанның ЖІӨ жан басына шаққанда, АҚШ-тың жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің 24,4% құрайды. (1995 жылы 7,8% құраған). Олардың ойынша, Үндістанның потенциялы 30 жылдық көрсеткіш бойынша ЖІӨ-ні күнделікті 9%-ға өсіріп отыруына мүмкіндік бар [4].

Мемлекеттер мен аймақтардағы халықтар арасындағы сенімсіздіктің туындауын жою мен аймақтық қауіпсіздікті нығайту үшін Оңтүстік Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастық Ассоциациясы (СААРК) маңызды рөл атқарады. Осы

күнге дейін оның ықпалы шынайы аз нәтижеге қол жеткізсе де, Оңтүстік Азиядағы құрылған ең алғашқы ұйым ретінде тарихта қалды. СААРК 1985 желтоқсан айында Дакка қаласында, Үндістанның аймақтық ассоциациясын құруға деген өзіндік шарттар арқылы алғаш рет институционализацияландырылды. Мүше мемлекеттер өкілдері бұл ұйым барысында, аймақтық даулы мәселелерді талқылауға арнаған форум ретінде, сонымен қатар ұзақ мақсатты көздеген саяси сипатқа әкелетін немесе әскери сипаттағы мәселелерді талқылауға бөгет жасап отырды. Дегенмен, Үндістан СААРК әскери саяси ұйымдардың идеясын өзгертуге қарсылық таныта келе, болашақта да көрші елдердің СААРК да экономикалық, техникалық және мәдени салалардағы ынтымақтастық бойынша жұмыстарды қарастыруға байланысты ауызбіршілікке қол жеткізуіне сенімді. Алайда ресми түрде, екі жақты келісімдерді талқылауға байланысты, бірлескен форумдарда даулы мәселелер мен сауалдарды талқылауға тыйым салуға және шешім шығаруда барша тараптардың келісілген түрінде қабылданады. СААРК қазірше АСЕАН мен басқа да «Үшінші әлем елдері» ассоциацияларынан алшақтап, аймақ қауіпсіздігіне қатысты қауіп тудыратын ішкі аймақтық және аймақтан тыс мәселелерді шешуде қатынаса алмайды.

Осы күнге дейін СААРК экономикалық ықпалы қалыпты нәтижеге жетпеді және Оңтүстік Азия елдерімен арадағы экономикалық серіктестік үрдісі бір-бірінен өте алшақтай берді. (90-жылдары ішкі аймақтық сауда айналым СААРК мүше елдер арасында сауда айналымы 1%-ды ғана құрады). Ал мұнда көптеген кедергілерден өту көзделеді. Атап айтып өткенімдей, аймақтық елдердің әлеуметтік экономикалық дамуы әртүрлі деңгейде және олардың саяси шеңберінде де көрініс тауып отыр. 1947 жылы субконтинентті бөлу нәтижесінде, экономикалық байланыстарына да нұқсан келді. 80-жылдары әр елдердің өзіндік экономикалық құрылымдары қалыптасты, олардың басты мақсаты ішкі нарықты көтеруге арналды.

Осыдан байқалып тұрған беталыс ішкі аймақта ғана емес, сонымен қатар әлемдік еңбек бөлінісінен де көрініс тапты. Оңтүстік Азия елдерінің экономикалық құрылымы өзара байланысты болмады, тіпті, бір-бірінен әлдеқайда

алшақ болды деуге болады. Үндістанмен көршілес жатқан елдер (бәрінен бұрын Пәкістан) қауінтене түсті, себебі СААРК шеңберінде ұзақ уақыт бойы жиналған күшті үнді капиталы, осы елдер арқылы деп үрейленді. Дегенмен, уақыт өте келе Оңтүстік Азия елдері күшін жинақтай түсіп, ішкі аймақтық экономикалық байланыстарын нығайта түсті. СААРК ның 9 форумында (1997 жылы мамырда) 2005 жылы құрылған Оңтүстік Азиаттық еркін сауда аймағын құруды талқылап, бірлескен инвестиция көлемі мен сауда айналымын дамытуға бірден ден қоя түсті.

Бәлкім, аймақтағы жағдайды тұрақтандыруды СААРК-ның қомақты үлесі қатысушы елдердің бейресми кездесулерін ұйымдастыруы болған шығар. Шынында, жеті басшының екі жақты кездесуі соңғы жылдардағы форумдармен қатар, Оңтүстік Азиядағы жоғарғы деңгейдегі келіссөздерден асып жығылды [5].

Үндістанның көршілес елдермен екіжақты қарым-қатынастарына бір фактор әртүрлі әсер етуі мүмкін, яғни Пәкістан мен Үндістанның әлеуметтік құрылымдарының ұқсастығы бірнеше рет арақатынастарына кері әсер етсе, дәл осы фактор Үндістанның Шри-Ланкамен арақатынасында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Үндістан мен көршілес елдер арасындағы мәдени идеологиялық қатынастар, ұзақ мерзімді сипатта және күрделі мағынаға ие. Алайда белгілі бір жағдайға байланысты, бұл айырмашылықтар жойылады. Мальдивия (мұсылман халықтары) аралдары және Бутан (будда халқы) секілді кішкентай елдерге, Үндістан (Мальдивияның) қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе (Будданың) экономикалық дамуына әсер ететіндігі маңыздырақ. Үндістан мен аталған аймақтар бойынша байланысын жақсартуды көздеген Шри-Ланка да осы позицияны ұстанған. 1987-1989 жылдары Үнді әскерінің Шри-Ланкада болғаны арадағы шиеленіскен мәселенің шешілуіне және аралдағы террористік және сепаратистік қимылдарды тоқтатуға септігін тигізе алмады. Бұл елдегі ішкі мәселелерді туындаған келіспеушіліктің негізгі ішкі көздерін жоймайынша, сыртқы күштердің әсерімен шену мүмкін еместігін көрсетті.

Шындығында, Үндістан мен Непалдың мәдени идеологиялық жақындығы екі ел

арасындағы байланыстарды нығайтты және әлеуметтік экономикалық артта қалушылық пен ұлттық мүдделердің сәйкес келуіне әкелді. Бангладеш халқы мен Батыс Бенгалия штаттарындағы үнді халықтарының ұлттық экономикалық жақындығы діни гетерогенділікке қарсы тұрады. Бірақ ұлттық этникалық жақындығы Бангладеш пен Үндістан арасында мәдени байланыстарының кепілі болып, екі жақты бағыттағы ішкі саяси демократияны тоғыстырды.

Аймақтағы геосаяси реализмді атап көрсетер болсақ географиялық орналасуына, территориялық өлшеміне және жалпы ұлттық өнім мен халық санына байланысты болып келеді Үндістанның әскери және экономикалық мүмкіндіктері шағын мемлекеттердің қажеттіліктерін өтей алады. Бірақ географиялық алшақ орналасқан аумақ – Мальдивия, Үндістанның саяси мүдделеріне кереғар [6].

Қорытынды.

Қазіргі таңда Үндістан Оңтүстік Азияда аймақтық интеграциялық процесінің негізгі қозғаушы күшінің ролін атқаруда. Үндістанның аймақтық экономикалық ынтымақтасуға деген ұмтылысының түбірі оның төл мәдениетін негіздеткен ұлттық сана сезім мен дәстүрлерінде жатыр. Кезінде үндістандық саяси дәстүрлерін басына алған елдің сыртқы саясат ұстанымы Үндістанның халықаралық сахнадағы өзін-өзі аңғаруына жәрдемдесіп, күллі азиаттық мемлекеттерге байланысты өз бағытын негіздетуге көмегін тигізді. Қазірдің өзінде Үндістан сыртқы саясатында Азия елдерімен қарым-қатынастары мағызды бір орынды құрайды. Әсіресе Үндістан Оңтүстік Азия субаймағында көршілес мемлекеттермен қатынастарына баса назар аударуда. Дегенмен қазіргі кездегі Азия елдерімен қалыпты қатынастарының тамырлары XX ғасырдың ортасында, яғни Үндістан және басқа да отарлық езгіде болған мемлекеттердің тәуелсіздікке қол жеткізуі немесе Азия құрлығының ояну кезеңінен бастама алды. Сондықтан Үндістанның қазіргі аймақтық экономикалық ынтымақтасу саясатының мән мағынасын айқын түсіну үшін азиаттық елдердің ұстанған саясаты, яғни үндістандық сыртқы саясат концепциясының ұйытқысын айқындауға керек етіледі.

Әдебиеттер

- 1 Лунев С.И. Ведущие позиции Индии в системе международных отношений в Южной Азии и ее противоборство с Пакистаном. – М.: Наука, 1995. – 80 с.
- 2 Лунев С.И. Дипломатия в Южной Азии. – М., 1995. – 142 с.
- 3 Торкунов А. Современные международные отношения // МО в Южной Азии. – М.: РОССПЭН, 1999. – 46 с.
- 4 Белокреницкий В.Я. Южная Азия в мировой политике // Международные отношения. – М., 2003. – 368 с.
- 5 Joint Press Statement on the meeting between Foreign Secretaries of India and Pakistan. – New Dehli, 04.09.2004.– Online: <<http://www.mea.gov.in/>>
- 6 Абдыхалыков Қ.С. Үндістанның экономикалық модернизациясы және халықаралық қатынастардағы ролінің нығаюы. – Алматы, 2006. – 97 б.
- 7 Широков Г.К. Мир на перепутье: расхождение векторов общественного развития Запад-Восток. – М., 2000. – 17 с.
- 8 Indian foreign policy. Agenda for the 21st century. – vol.1-2.- New Dehli 1998 – P. 351.

References

- 1 Lunev S.I. Vedushchie pozitsyi Indyi v sisteme mejdunorodnyh otnoshenii v Iujnoi Azii i eie protivoborstvo s Pakistanom. – М.: Nauka, 1995. – 80 s.
- 2 Lunev S.I. Diplomatija v Iujnoi Azii. – М., 1995. – 142 s.
- 3 Torkunov A. Sovremennye mejdunarodnye otnosheniya // MO v Iujnoi Azii. – М.: ROSSPEN, 1999. – 46 s.
- 4 Belokreneckii V.Y. Iujnaya Aziya v mirovoi politike // Mejdunarodnye otnoshenie. – М., 2003. – 368 s.
- 5 Joint Press Statement on the meeting between Foreign Secretaries of India and Pakistan. – New Dehli, 04.09.2004.– Online: <<http://www.mea.gov.in/>>
- 6 Abdykhalykov K.S. Undistannyn ekonomikalыk modernizacijasy jane khalykaralыk katynastardagy rolinin nygaiuy. – Almaty, 2006. – 97 b.
- 7 Shirokov G.K. Mir na pereput'e : rashojdeniye vektorov obchestvennogo razvitiya Zapad-Vostok. – М., 2000. – 17 s.
- 8 Indian foreign policy. Agenda for the 21st century. – vol.1-2. – New Dehli 1998. – P. 351.